

Ордабасы ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 333 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 тамызда № 4199 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 247 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 01.08.2023 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы мемлекеттік тілінде жаңа редакцияда, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 30.12.2020 № 652 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабының 2-тармағына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Ордабасы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ордабасы ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 30.12.2020 № 652 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Омарбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Кайпжанов

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 18 тамыздағы № 333
қаулысына қосымша

Ордабасы ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 30.12.2020 № 652 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Ауыл округінің атауы | Орналасқан орны |
|----|-----------------------|--|
| 1 | Қараспан ауыл округі | Қараспан елді мекені, С.Байболатов және Ш.Бимырза көшелерінің қиылысы |
| 2 | Бөржар ауыл округі | Ұялыжар елді мекені, Төлеби және Ж.Жабаев көшелерінің қиылысы |
| 3 | Жеңіс ауыл округі | Жеңіс елді мекені, С.Қожанов көшесінің бойы |
| 4 | Бөген ауыл округі | Бөген елді мекені, Б.Кенжебаев көшесінің бойындағы "Жетібай А" наубайханасы мен "Қарабала" шаруақожалығы ғимаратының арасы |
| 5 | Бадам ауыл округі | Бадам елді мекені, Т.Қабылұлы көшесінің бойы |
| 6 | Төрткүл ауыл округі | Төрткүл елді мекені, Самара – Шымкент М-32 Республикалық маңызы бар автомобиль жолының бойы |
| 7 | Шұбар ауыл округі | Шұбар елді мекені, Райымбек батыр көшесінің бойы |
| 8 | Қарақұм ауыл округі | Қарақұм елді мекені, Қажымұқан және М.Маметова көшелерінің қиылысы |
| 9 | Шұбарсу ауыл округі | Шұбарсу елді мекені, Д.Қонаев көшесінің бойы |
| 10 | Қажымұхан ауыл округі | Темірлан елді мекені, Қажымұқан көшесінің бойы |